

Думанғазы АРҒЫНҒАЗИН: АДАСТЫРМАС БАҒДАРЫМЫЗ – АБАЙ

ХАКИМ АБАЙДЫҢ ҰЛАҒАТҚА ТОЛЫ ӨСИЕТТЕРІ ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ. ӘСІРЕСЕ, КӨҢІЛІ ГҮЛ ЖАСТАРҒА АРНАҒАН ТӘРБИЕЛІК, ТАҒЫЛЫМДЫ ОЙ-ТОЛҒАМДАРЫНЫҢ ӨЗІ БҮГІНГІ КҮН ТҮРҒЫСЫНАН ҚАРАСАҚ ӘЛІ ДЕ ӨЗ ҚҰНЫН ЖОЙҒАН ЖОҚ. ҚАЙТА РУХАНИ ЖАҢҒЫРУҒА БЕТ АЛҒАН ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ЖАС БУЫНЫ ҮШІН БАҒЫТ-БАҒДАР СІЛТЕЙТІН АДАСТЫРМАС ТЕМІРҚАЗЫҚҚА АЙНАЛЫП ОТЫР. ОСЫНАУ ОРАЙДА, БІЛІМГЕ ДЕН ҚОЙҒАН ЖАҢА ЗАМАН ЖАСТАРЫНА АБАЙДЫ ТАНЫТА АЛЫП ЖҮРМІЗБЕ, АБАЙДЫ ӘР ҚАЗАҚТЫҢ АЙНАСЫНА АЙНАЛДЫРА АЛДЫҚ ПА ДЕГЕН СҰРАҚТАР КӨҢІЛ ТӨРИНЕН ҚЫЛАҢ БЕРЕДІ. ОСЫ САУАЛДАР ОРАЙЫНДА КӨП ЖЫЛДЫҚ ТАРИХЫ БАР, АЙМАҒЫМЫЗДАҒЫ ІРГЕЛІ БІЛІМ ОРДАСЫ РЫМБЕК БАЙСЕЙІТОВ АТЫНДАҒЫ СЕМЕЙ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНІҢ ДИРЕКТОРЫ ДУМАНҒАЗЫ АРҒЫНҒАЗИНМЕН СҰХБАТТАСҚАН БОЛАТЫНБЫЗ.

Думанғазы Семей-ғазыұлы, Сіз Абай, Шәкәрім сынды ұлыларды түлеткен киелі топырақтың тумасысыз. Осынау даналардың мұралары сіздің өмір жолыңыздан қаншалықты деңгейде орын алды деп ойлайсыз?

– Ұмытпасам 2001 жылы болуы керек, дәстүрлі Абай оқулары байқауының беташар рәсімінде танымал ел ағасы Хафиз Матаев оқушылар мен қонақтардың алдында сөз

алып, Абай мұралары жайында пікір білдірді. Өмірлік тәжірибесі мол ағамыздың сондағы айтқан бір сөзі ойымда қалып қойды. – Біз Абайды оқымаймыз. Оқысақ, Абайды ұқпаймыз. Ұқсақ, айтқанын істемейміз, – деген еді Хафиз аға.

Қаржыгер ретінде санмен түсіндірейін, мысалы – жүз бала болса, онын тоқсаны Абайды оқымайды, он бала оқуы ықтимал. Оқыған он баланың тек көкірегі сезімді біреуі ғана ұғынып, көкейіне түюі мүмкін. Ал сол ұққан бір баланың өзі Абай-

дың сөзімен жүрмейді. Неге?– деген сұрақ туындайды.

Абай елінің тумасы деген сөз әрине, мақтаныш. Мен қазақы танымдағы төрт қасиетке сенемін. Біріншісі – туған жер топырағының қасиеті, бұл ретте Абай елінде туғаным бәлкім осы күнгі жетістіктерге жетуіме себеп болған шығар. Екіншісі – ата-анам, әжем берген тәрбие. Мен «әжемнің баласымын». Үшінші қасиет – туған ауылым. Қарауыл – туған топырағым. Төртінші қасиет – алтын ұя мектеп пен оның жүрегі саналар ұстаз. Мен Қарауыл ауылындағы Абай орта мектебінің түлегімін. Орыс сыныбын бітірсем де, ұстаздарымның ықпалымен Абай ұлағатын жадыма түйіп өстім.

Әркімнің өмірінде Абай өнегесі әртүрлі көрініс алатын шығар. Менің мансабыма тигізген ықпалын айта кетейін. 1993 жылы мен Өскемен қаласындағы университетті бітіріп келіп, география және биология пәндерінен өзім оқыған Қарауылдың Абай атындағы орта мектебіне мұғалім болып орналастым. Сол жылдары Хафиз Матаев ағамыздың бастамасымен көркемөнерпаздар сайысы дүркіреп өтетін-ді. Оған әр мекеме, ұжымдар қатысып, үш-төрт ай өзара сынға түседі. Оған біздің мектеп те жылда қатысатын. Ауданымызда есімі көпке танымал режиссер, «Қаламқас» ансамблімен жұмыс істеген марқұм



ҚАЛАЛЫҚ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ, АРҒЫНҒАЗИН ДУМАНҒАЗЫ СЕМЕЙҒАЗЫҰЛЫ

Болат Баймұратов есімді азамат болды. Сол кісі мектебіміздің ұжымынан хор дайындады. Мен ол кезде ұянда едім, аудитория алдында сөйлегенмен ән айтып көрмегенмін. Хорға ілесе алмаған соң Болат ағамыз «жеке дауыста айтып көр» деп Сәкен Көпжанқызы деген мұғалімге алып келді. Ол кісі: «Абайдың бір өлеңін айта алмайсың ба? Сен Абай жерінің тумасы емессің бе», – деп еді, намысқа тырысып «Көзімнің қарасы» өлеңін бастап кеттім. Сол сәттерде Болат Баймұратов: «Жетеді, Абайдың жастық шағын сомдайсың!», – деп мені бірден сахнаға Абай рөлін ойнауға алып кетті. Бір ай дайындалып, шағын көріністе алғашында жас Абайды ойнадым, содан кейін рөлге адам табылмай, орта жастағы Абайды ойнатты. Ақынның қартайған шағындағы рөлін ойнауға менің түрім келмеді, жасым жиырма екіде болатын. Үлкендеу бір кісіні шығарып еді, оның дауысы лайық болмады. Әйтседе, ол сахнаға шықты, мен сахна сыртында тұрып, Абайдың дауысын келтіріп бердім. Көгермен қол соғып, жылы қабылдады.

Сол күні аудан әкімі Өнер Ғаббасұлы Смағұлов концертті көріп, дүйсенбі күні мені ұстаздық қызметтен аудан әкімдігінің жастар ісі мен туризм комитетінің бастығы қызметіне ауыстырды. Осылайша дәрежем жоғарылап, жаңа жұмыс орнын таптым. Әйтседе, не оған дейін, не содан соң сахнада рөл ойнап, ән айтып көрген емеспін.

– Ұлттың ұлы ұстазы саналатын Абай хәкімнің ұлағат-өсиетін бүгінгі педагогика саласында, ұрпақ тәрбиесінде қаншалықты қолданып жүрміз, ескерілмей қалған жайттар қаншалықты деп білесіз? Жалпы, Президенттің гуманитарлық пәндерге «Абайтану» курсы міндетті түрде енгізу туралы ұсынысын қолдайсыз ба?

– Хәкімнің «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», – деп басталатын бір өлеңі бар. Пайғамбарлардан кейін, қазақ үшін Абай тұр десем, артық айтқандық емес. Одан соң халық тұр. Ал сол Абай мен халықтың арасында рухани байланыс, көпір жоқ па деймін. Абай бар да, Абайды оқытындар жоқ. Оқыса – ұғатындар жоқ, ұқса – амалға айналдырар ешкім жоқ. Қабырғалы қаламгер Мұхтар Әуезов маржан сөзбен айшықтап, қалың қазақтың назарын Абай әлеміне аударып кетті. Дегенмен, Абай өлең-

дерінің текстологиясын зерттеген Қайым ағамыз бастаған абайтанушылардың ізін жалғар ғалымдар керек. Онымен қоса оқушылар үшін Абай сәулесін сезіндірер ұстаздар қажет. Ал, «Абайтану» пәнін балабақшадан бастаса да артық емес. Бәлкім, ойластырып «Абай әліппесін» шығару қажет шығар...

Абай өлеңдерін, қарасөздерін бір оқып шыққанда түсінікті тәрізді әсер қалдыруы мүмкін, алайда, ой көзімен қарасаң – астары терең, айтары көп... Соның бәрін бала санасына ерте жастан сіңіретін абайтану оқулығы қажет-ақ. Бұл пән бірінші сыныптан бастап соңғы сыныптарға дейін оқытылып, колледждер мен ЖОО-да жалғасын табу керек дер едім.

Кешегі кеңес заманында Абайды бір қырынан ғана көрсетті. Біз білетін Абай – Гётені, Лермонтовты аударған, Чеховты, Толстойды оқып ой түйген, Пушкин шығармаларын тұңғыш рет қазақы оқырманға жеткізген тұлға. Мұның барлығы Абайды орысшыл деген ойға итермелейтін еді. Абайдың қара сөздерінде де «орыстан өнер үйрен» деген нақыл бар. Алайда, тереңірек ден қойсақ, Абай шығысшыл тұлға.

Мәселен, XV ғасырда өмір сүрген Жалал ад-дин Дауани есімді ғұлама бар. Осман империясының билеушісі Сүлеймен сұлтаның атасы Баязидпен хат жазысып тұрған, Парсы жұртындағы Шираз қаласы әкімінің уәзірі, ұлы ойшыл-философ болған. Сүлеймен сұлтан одан кеңес сұрап, лайықты сый-сияпат жолдап тұрыпты. Ал Абай атамыз сол дана тұлғаны ұстаз тұтқан.

Оның пәлсафасына сүйенсек, туыстық қарым-қатынасты қалыптастырудың бірнеше түрі бар: бірінші – туысқа жан көмегі қажет, ол үшін жаның ашуы керек; екінші – мал көмек. Қолыңда болса, ақшалай, малдай көмектес; үшінші – ақыл көмек – оқыған, тоқығаның бар шығар, жол сілте, бағыт көрсет; төртіншісі – аулақ болу, алдыңғы үш көмекті көрсете алмайды екенсің, тым болмаса бөгет жасама, залалы тимесің, жамандық ойлама, қызғанба, ғайбаттама; бесіншісі – көңіл бөлу, хал сұрасып, амандасу.

Міне, осындай ғұлама ұстазы бар Абайдың даналығы сөз жоқ тіптен кемелдене түскен. Сондықтан, Абай

дегеніміз ақылдың таусылмас кені, оны зерттеп бітіру мүмкін емес.

Абайды жастайымнан оқыдым. Түсініп, ден қойып, ой жіберіп оқу керек екеніне сол кезде көзім жеткен еді. Абайдың философиялық танымының ауқымы өте кең, оның қара сөздерінің өзі өзге тілдерге сол үшін аударылмай жатыр.

Бүгінде Тәуелсіздік алған елімізде елді ұйыстырушы, ортақ мақсат-бағытқа жұмылдырып, қазақстандық патриотизмді шыңдайтын ұлттық идеология жоқ деген пікірлерді де естіп жүрміз. Менің айтарым, қазақ еліне Абай ұсынған концепциядан, ой-тұжырымынан артық идеологияның қажеті жоқ. Абайды түсіну керек, түсінгеннен кейін, айтқанымен жүру керек деп ойлаймын.

Мәселен, дінді терең меңгерген хәкім діни фанатизмге де қарсы. Бес асыл ісі бар, соған ие болсақ, бес дұшпанымыз бар, содан аулақ болсақ, одан артық бізге бақыттың да, байлықтың да қажеті шамалы. Сондықтан да, Президентіміздің абайтану пәнін енгізу туралы бастамасын бірауыздан қолдаймын. Қазақтың идеологиясы – ол Абай жолы.

– Сіз басқарып отырған іргелі Ғәм тарихи білім ордасында Абайдың 175 жылдық мерейтойына орай ұлы ақынның тұлғасы мен мұрасын насихаттауда қандай игі бастамалар қолға алынуда?

– Бір жайтқа баса назар аударайық, біздің колледж Рымбек Байсейітовтің атында, ол кісі ҚазақССР-нің қаржы министрі болған, осы оқу орнын 1949 жылы бітірген тұлға. Ал, оның Ұлы Отан соғысындағы қарулас досы Роллан Мусин колледжде осы сегіз қабатты ғимаратты салып берген айтулы азаматтың бірі еді. Екеуі де Абайды пір тұтқан, ұлы ақынды сүйіп оқыған Қайнардың азаматтары ғой.

Ал, хәкім мұрасын насихаттауға келсек, оқу орнында абайтану кабинеті бар, қазір жаңартып, қайта жабдықтап жатырмыз.

Біз мемлекеттік стандартпен жұмыс істейміз, сондықтан да абайтану дәріс ретінде әлі оқу үрдісіне енгізілген жоқ, алайда факультативтік курстар бар. Оған жас шәкірт-

тер тарапынан қызығушылық мол. Сондай-ақ, колледжде жыл сайын дәстүрлі түрде Абай оқулары өтеді. Оның жеңімпаздары қалалық, облыстық оқуларға жолдама алады.

Біз ұлт ұстазы болған Абайды оқытуға міндеттіміз, оқытпауға хақымыз жоқ. Алайда, оған үлкен талпыныс керек. Бір мысал келтірейін, 2016 жылы екі апталық семинарға Ақтау қаласына арнайы сапармен бардым. Күн сайын колледже басқа оқу орындарынан мұғалімдер келіп сабақ береді. Сонда мұғалімдердің әрқайсысы өз саласын оқытқанда Абайға тоқталады. Таңғалдым, өйткені біздің қаламызда, мысалы, математика саласының маманы ол туралы ауыз ашпауы мүмкін. Ал сол жерде қаржыгер, бағдарламашы болсын мейлі, дәріс барысында Абайды айтады. Міне, Абайды дабырасыз ғана насихаттау дегеніміз осы болса керек. Мен ақтаулық колледждің мұғалімдеріне шексіз риза болып қайттым. Осында келіп, өз ұжымыма үлгі еттім. Ендігі аралықта бұл әдістемелік жаңашылдық біртіндеп тұрақты дағдыға айналуы қажет. Ол үшін Абайды әуелгі кезекте өзіміз оқып, санаға сіңіруіміз керек. Абайдың әр сөзін күнделікті өмірімізде мысал ретінде пайдалануымызға болады. Әсіресе, экономикалық түсінік тұрғысынан қарастырсақ, «бекер мал шашпақ» деген ұғымның өзінде үлкен философия жатыр.

– Ел президенті Қ.Тоқаев өз мақаласында Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеу керектігін баса айтты. Осы жайында сіздің пікіріңізді тыңдасақ...

– «Толық адам» дегеніміз – идеал тұлға. Жүрек, қайрат, ақыл – осы үшеуін бірдей ұстаған адам ғана елден ерек саналады. Сондықтан да, толық адам болу баршаға бұйыра бермейді. Әуелгі кезекте Абайдың өзі – толық адам. Одан басқа толық адамды мен қазақтан көрген жоқпын. «Мынау толық адам!» – деп тап басып айта алмаймын. Өйткені, ыстық қайраты, жылы жүрегіне ақылы сай келетін адамды көрмеппін. Бір мысал – Р. Байсейітов, Р. Мусин – толық адамға жақындаған кісілер. Негізі – басқарушы қызметтегі кісілер толық адам бола алмайды, бұл менің өз ойым. Өйткені, ұжымыңның мүддесі үшін кейбір сәттерде «тізеге салатын» кездер аз болмайды, біреуге сөзің ауыр тиюі

мүмкін. Ал, Абай биліктен де, мансаптан да бас тартқан адам ғой.

«Істемек түгілі, жаманшылықты ойлама» дейді Абай. Жаратушының кітабы Құран Кәрім де тек көркем мінезділікке үндейді емес пе. Соның бәрін Абай қазаққа қарапайым тілмен түсіндірген. Біз соны санаға сіңіре алмай жүрміз. Неге деген сұраққа алдында жауап бердім – арамызда байланыстырушы көпірдің болмай тұрғаны, ұстаздардың жетіспеушілігі басты себеп.

Абайтану – пән ретінде жаңадан қалыптасып жатыр. Оны тұтас ғылым ретінде, ағартушылық бағыттағы ілім ретінде әр ұстаз өз сабақтарында пайдалануы керек. Тіпті, солай етуге міндетті де... Ол үшін әлбетте ізденіс керек болады. Ал, ұлы хәкімнің өзі де қалың елі қазағын ізденіске, ұмтылысқа шақырды емес пе? Қара сөздерінен іздегеніңнің бәрін табасың. Ақынның өзі айтқандай, «білгенге маржан, білмеске арзан». Әр пәннің, әр саланың қызметкері өзіне қатысты мағлұмат іздесе, сөз жоқ табады. Абайдың тоқталмай кеткен нәрсесі жоқ! Екі-ақ қана жұқа кітабында талай-талай дүниені сыйдыра білген. Оның ұлылығының, шығармашылық тұрғыдан шеберлігінің өзі сонда жатыр.

Осы орайда айтарым, өскелең буынның алдында Абайды насихаттаудан әсте жалықпау керек. Мысалы, А.Пушкин өмірден ертерек өтті. Ал орыс зерттеушілері оның өмірінің шығармашылығы толықтан шағының минутына, сағатына дейін анықтап алған. Абай туралы олай айта аламыз ба? Оның туған күні жайлы осы уақытқа дейін екіұдай пікір бар. Бұл орайда дауды қойып, «дантизммен» ауырмау керек дер едім.

Ал, Абай тойы деген мәселеге ойыссақ, «тойдан бұрын ой болуы керек» деген тұжырымды қостаймын. Тойдың орнына хәкімнің тұлғалық қырын танытар туындылар жариялайық, орыс тіліндегі кітабын он есе артық шығарайық. Жапон тіліне аударайық. Миллиард қытай болса, біз миллион дана қытай тіліндегі кітабын шығарайық. Берейік, оқысын, танысын. Абайды солай дәріптейік. Міне, сол арқылы ұлтымызды да жаһанға таныта аламыз. Өйткені, Абай – күллі адамзат үшін де толық адам.

– Сұхбатыңызға рахмет! 📌

Шынар Нұрбекқызы

